

## **ЭКВАЙРИНГ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР**

- 1.1. Эквайринг бойынша қызметтерді көрсету бойынша талаптары (бұдан әрі – Талаптар) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
- 1.2. Талаптар Клиентпен жүзеге асырылатын тауарларды/қызметтерді төлеу бойынша Карта Иеленушілерімен Транзакцияларды жүргізумен және осындай Транзакциялар бойынша Банкпен Клиентке ақша аударуды жүзеге асырумен байланыстырылған Банк және Клиент арасындағы қатынастарын реттейді.
- 1.3. Транзакцияларды жүргізу үшін Клиент Банктің бекітілген нысаны бойынша Эквайринг бойынша қызметтерді көрсетуге өтінішіне қолтаңбасын қояды.
- 1.4. Талаптардың мәтіні бойынша Шартпен қарастырылатын ұғымдар, сонымен қатар келесі ұғымдар қолданылады:

**Авторландыру** – тауарларды/қызметтерді төлеуге Карта иеленушісінің құқығын растайтын Транзакцияларды жүргізуге Банк-эмитенттің рұқсаты.

**Банк-эмитент** – Картаны шығаратын және Авторландыруды жүзеге асырайтын банк, соның ішінде Банк.

**Батч (Batch)** – Транзакциялар бойынша ақпаратты қамтитын ағымды ауысым (цикл) үшін қаржылық есеп.

**Түйіспесіз Карта** – түйіспесіз төлемдер функциясымен жабдықталған Карта, соның ішінде Банк Картасы Иеленушісінің құрылғысында орнатылған мобильді төлем сервисі.

**Карта иеленушісі** – Банк-эмитентпен заңды тұлғасының атына Карта шығарылатын заңды тұлғасы.

**Авторландыру коды** – Клиенттің авторландырылған сауалына жауап беру мақсатында әрбір Транзакцияға Банком – эмитентпен берілетін әріптік-цифрлік белгілерінің бірегей комбинациясы.

**Карта** – Транзакцияларды жасау үшін арналатын банк шотында (карт-шотында) орналасқан ақшаға қол жету құралы.

**Транзакция** – Клиенттің тауарларды/қызметтерді сатып алу үшін Карта арқылы жүзеге асырылатын операциясы.

**Фрод** – Жүйемен немесе Жүйенің қатысушысымен (Банкпен, Банк-эмитенттерімен) Клиентте жүзеге асырылатын алакерлік әрекеттер ретінде жіктелетін Карталармен жасалатын алакерлік немесе басқа әрекеттер.

**Тәуліктік лимит** – әрбір POS-терминалға Транзакциялар лимиті және оның мөлшерлемесі Банкпен дербес анықталады және Клиенттің назарына қосымша жеткізіледі. Тәуліктік лимиттің мөлшерлемесі Клиентпен атқарылатын қызметіне байланысты Банкпен анықталады және Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген жағдайларында бір тараптық тәртібінде Тараптардың келісімі бойынша немесе Банктің қарауында анықталады. Егер Транзакциялардың жалпы сомасы және Талаптарға сәйкес Клиентпен Банкке осындай сомалар бойынша Авторландыруға жолданатын сауал бөлек алынған күнтізбелік күнінде Тәуліктік лимиттен асатын болса, Банк осындай Транзакциялар бойынша Авторландыруды ұсынудан бас тартады және көрсетілген Транзакциялар жүзеге асырылмайды.

**POS-терминал** – Авторландыру және Чекті - авторландыру кодын көрсетумен операция бойынша процедураларын автоматтандыру үшін арналған электрондық құрылымы (соның ішінде жиынтықта SIM-картасы бар GSM-POS-терминал немесе мини-POS-терминал (бұдан әрі - mPOS- терминал) немесе NFC-модулі бар құрылғыдағы мобильдік қолданбасы түрінде орнатылған Soft-POS немесе Smart-POS және басқалар, POS-терминалдың түрі Эквайринг бойынша қызметтерді көрсетуге өтінішінде Клиентпен көрсетіледі). Сәтті авторландыру жағдайда, POS-терминал (GSM-POS-терминал) осындай Картасы арқылы жасалған Транзакцияның Чегін қағаз тасымалдаушыда екі данада басып шығарады (бірінші данасы Клиентке беріледі, екінші данасы Картаның Иеленушісіне беріледі); mPOS-терминала немесе Soft-POS арқылы Транзакцияны жасау кезінде – Чек Карта Иеленушісінің талабы бойынша қысқа мәтіндік және мультимедиялық хабарламалары арқылы оның электрондық поштасына және/немесе ұялы байланыс құрылғысына электрондық түрінде жолданады.

**NFC-модуль** – түйіспесіз төлемдер технологиясы.

### **2. Транзакцияларды рәсімдеу және Тараптардың өзара есеп айырысу тәртібі.**

2.1. Өткізілетін тауарлар/қызметтер үшін жасалған Транзакциялар бойынша Клиенттің Ағымды шотына ақша Банкпен ҚР ұлттық валютасында аударылады.

2.2. Транзакцияларды жасау тәртібі:

2.2.1. Транзакцияны жасау кезінде электрондық нысандағы қабылданған деректер негізінде Банк Банктің Тарифтеріне сәйкес Банктің сыйақысын алып, Банк Транзакция жасалатын күнінен бастап 3 (үш) Банктік күні ішінде Клиенттің Ағымды шотына ақшаны аударылады.

2.2.2. Картаны пайдаланумен Клиенттен сатып алынған тауарын қайтару (немесе Картаны пайдаланумен төленген қызметтерінен бас тарту) жағдайда, Клиент POS-терминалді пайдаланумен «сатып алымды қайтару» бойынша операциясын орындайды.

2.3. Банкпен Транзакция бойынша Клиенттің кінәрат-талабын және Транзакция бойынша өзара есеп айырысуларды Транзакция жасау сәтінен 10 (он) Банктік күні ішінде қабылдамауы, Клиентпен осы Транзакция бойынша төлем сомасын қабылдаудың растамасы болып есептеледі.

2.4. Түйіспесіз Карталарды пайдаланумен жасалатын Транзакциялар Түйіспесіз Картаны NFC-модулі бар POS-терминалға жақындату жолымен Түйіспесіз Карта Иеленушісімен жасалады.

2.5. Түйіспесіз Карталарды пайдаланумен жасалатын Транзакциялар кез келген сомаға жасалады. Түйіспесіз Карталарды пайдаланумен жасалған Транзакциясы бойынша Түйіспесіз Карта Иеленушісіне Чектің данасын беруі Клиентпен Түйіспесіз Карта Иеленушісінің талабы бойынша жүзеге асырылады. Осымен бірге Түйіспесіз Карталарды пайдаланумен:

2.5.1. 20000 (жиырма мың) теңгеден аспайтын сомадағы Транзакциялар Түйіспесіз Карта Иеленушісімен PIN-кодты енгізусіз және Чектің данасына қолтаңбасын қоюсыз жүзеге асырылады;

2.5.2. 20001 (жиырма мың бір) теңгеден басталатын сомадағы Транзакциялар Түйіспесіз Карта Иеленушісімен PIN-кодты енгізумен және Чектің данасына қолтаңбасын қоюмен жүзеге асырылады.

2.6. Жүйелердің ережелеріне сәйкес Түйіспесіз Карталарды пайдаланумен 20000 (жиырма мың) теңгеден асатын сомаға жасалатын Транзакциялар Түйіспесіз Карта Иеленушісімен/Банкпен дауласуға жатпайды.

2.7. Осы Талаптардың 2.4.-2.6-тармақшаларымен бекітілген Транзакциялар тәртібі тек қана түйіспесіз Карталарға таратылады. Егер осы Талаптардың 2.4.-2.6-тармақшаларының шарттары Талаптардың басқа шарттарына қайшы болып келетін болса, Түйіспесіз Карталарды пайдаланумен жасалатын Транзакциялар бойынша осы Талаптардың 2.4.-2.6-тармақшаларымен бекітілген тәртібі қолданылады.

2.8. Әрбір POS-терминал бойынша төлемдерге қызмет көрсету үшін Клиентпен Банктің комиссиялық сыйақысын төлеуі Талаптардың 3.2.6-тармағының в)-тармақшасымен бекітілген тәртібінде немесе Банкпен төлеуге тиісті шотты қою күнінен бастап 3 жұмыс күнінен кеш емес мерзімінде жүзеге асырылады. Банктің ай сайынғы комиссиялық сыйақын Клиентпен төлеу тәсілі Банктің қарауынша дербес анықталады және келешекте Банкпен басқа тәсілді таңдауға құқығын алып тастамайды және ауыстырмайды.

### **3. Тараптардың құқықтары және міндеттемелері**

#### **3.1. Банк міндеттенеді:**

##### **3.1.1. POS-терминал Клиентке Банкпен ұсынылған жағдайда:**

- Клиентке осы Талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын Қабылдау-тапсыру актісі бойынша жиынтықта қажетті Нұсқаулықтар бар және тараптармен келісілген шарттарында және санында POS-терминалды қайтарымсыз пайдалануға беруге және оны Клиент үшін орнатуға;

- POS-терминалдарға сервистік қызметтерді көрсетуге;

##### **3.1.2. Клиент POS-терминалды Банктің нұсқауларына сәйкес сатып алған жағдайда:**

- POS-терминалдың жұмысын қамтамасыз ету үшін тиісті түрде баптау үшін POS-терминалды қабылдауға және баптау бойынша жұмыстарды аяқтаудан кейін POS-терминалды Клиентке қайтарып беруге;

- Тиісті модельді POS-терминалдың жұмыс қабілеттілігі үшін SIM-қартаны ұсынуға, осымен бірге SIM-қартаның теңгерімін толтыру бойынша шығындар Клиенттің өзімен төленеді;

- POS-терминалға бағдарламалық жасақтаманы орнатуға және оны Банктің жүйесіне қосуға;

- POS-терминалды Клиентке орнатуға және нұсқаулықтарды беруге;

##### **3.1.3. Клиент NFC-модулі бар смартфонна Soft-POS орнататын жағдайда:**

- Soft-POS Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген тәртібінде Банктің жүйесінде тіркеуге;

- техникалық қолдауды қамтамасыз етуге.

##### **3.1.4. Клиенттің қызметкерлерін, соның ішінде жұмыс орындарында Транзакцияларды жүргізу және рәсімдеу тәртібін оқытуға және нұсқаулық беруге;**

##### **3.1.5. Клиентті қажетті ақпараттық ресурстарымен қамтамасыз етуге;**

##### **3.1.6. Осы Талаптармен бекітілген мерзімі ішінде Банкке тиесілі сыйақыны ұстап, Клиенттің Ағымды шотына ақшаны аударуға;**

##### **3.1.7. Банк тікелей бақыла алатын операцияларын Авторландыру үшін арналған жүйенің тәулік бойы жұмыс істеуді қамтамасыз етуге және Банктен тәуелді емес себептерден жұмыстағы іркілісітер пайда болған жағдайда олардың жұмыс қабілеттілігін бұрынғы қалпына келтіру үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға;**

##### **3.1.8. қажет болған жағдайда POS-терминалдарды қайта техникалық жабдықтауға және бағдарламалық жасақтаманы жаңартуға.**

#### **3.2. Банк құқылы:**

##### **3.2.1. Клиенттің қызметкерлерімен осы Талаптардың, Нұсқаулықтардың және олардың Қосымшаларының ережелерін сақтауды, сонымен қатар POS-терминалдың сақтаулығын және дұрыс жұмысын, Клиентпен оны пайдалану тәртібін тексеруге (егер егер POS-терминал Банкпен берілетін жағдайда);**

3.2.2. Банктің тарифтеріне сәйкес Клиенттен алынатын комиссиялық сыйақының мөлшерлемесін бекітуге. Банктің әрбір POS-терминалы бойынша төлемдерге қызмет көрсету үшін Банктің комиссиялық сыйақы Клиентпен ай сайын төленеді. Сыйақы мөлшерлемесі әрбір POS – терминал бойынша мониторингті жүргізу жолымен ай сайын Банкпен анықталады;

3.2.3. пайда болған даулы мәселесі шешілмегенше Фродтық операциялары бойынша есеп айырысуларды жасамауға;

3.2.4. Банкте күдіктерді тудыратын Транзакциялардың санкциялануы анықталатын жағдайда, осындай Транзакциялар бойынша Клиенттің Ағымды шотына ақша есептеуді тоқтатуға. Ақша есептеудің тоқтатылуы Транзакциялардың санкциялануын тергеу мерзіміне, бірақ Транзакцияны аяқтау сәтінен 180 (жүз сексен) күнтізбелік күнінен астам емес мерзімге жүзеге асырылады.

Егер Транзакциялардың санкциялануын тергеу мерзімі аяқталғанша дейін Банкпен осындай Транзакциялардың санкциялануы туралы растамасы Жүйеден және/немесе Банк-эмитенттен қабылданбаған болса, Банк Клиенттің Ағымды шотына санкцияланбаған Транзакциялар бойынша ақшаны аудармауға және ақшаны Жүйеге немесе Банк-эмитентке қайтаруға құқылы.

Егер Транзакциялардың санкциялануын тергеу мерзімі аяқталғаннан кейін Банкпен осындай Транзакциялардың санкциялануы туралы растамасы Жүйеден және/немесе Банк-эмитенттен қабылданбаған болса және/немесе Жүйе және/немесе Банк-эмитент осындай Транзакциялардың санкциялануын танитын болса, Банк Клиенттің Ағымды шотына ақшаны аударуға міндеттенеді;

3.2.5. 3.3.12., 3.3.28-тармақшаларымен қарастырылған Клиент міндеттемелерінің Талаптарын орындауды қамтамасыз ету мақсатында Талаптардың 3.2.6-тармағымен қарастырылған санкцияларын Жүйемен Банкке қолдануға дейін Жүйемен Транзакциялардың санкцияланбауын тану жағдайда, осы Талаптардың 3.2.6-тармағының в)-тармақшасымен бекітілген тәртібінде санкцияланбаған Транзакциялардың сомаларын Клиенттің Ағымды шотынан ақшаны шығарып тастауға.

Талаптардың осы тармақшасына сәйкес Банкпен Клиенттің Ағымды шотынан шығарып тасталған Транзакциялар Сомалары Транзакциялар бойынша санкцияларды қолдануға дейін Жүйенің талаптарымен қарастырылған мерзімдері ішінде Банктің есептерінде көрсетілуі қажет.

Егер Транзакциялар бойынша санкцияларды қолдану үшін Жүйенің талаптарымен қарастырылған мерзімдерінің аяқталуына дейін осындай санкцияларды қолданатын болса, Банк Талаптардың осы тармақшасына сәйкес Клиенттің Ағымды шотынан ұстап қалған қаражат есебінен санкцияланбаған Транзакциялардың сомаларын Жүйеге өтеуге және осы Талаптарға сәйкес өзінің құқықтарын және міндеттемелерін жүзеге асыруға міндеттенеді.

Егер Транзакциялар бойынша санкцияларды қолдану үшін Жүйенің талаптарымен қарастырылған мерзімдерінің аяқталуына дейін осындай санкцияларды қолданатын болса, осындай санкциялар Банк қатысты қолданылмайтын болса немесе егер Жүйе Талаптардың осы тармақшасына сәйкес сомалары Банкпен ұстап қалған Транзакциялардың санкциялануын танитын болса, Банк Талаптардың 3.2.7-тармағына сәйкес ұстап қалған қаражатты Клиенттің Ағымды шотына қайтаруға міндеттенеді;

3.2.6. Клиентте жасалған Транзакциядан Карта Иеленушісі басын тартатын жағдайда (Клиентте жасалған Катра Иеленушісімен жүзеге асырылған Транзакциясы бойынша Карта Иеленушісінде кінәрат-талап пайда болған жағдайда/бұдан әрі – Карта Иеленушісінің Кінәрат-талабы) немесе Клиент Транзакция жасаудың Талаптарын және олардың Қосымшаларын бұзумен Транзакцияны жасаған жағдайда және осы себептен Банкке Жүйе тарабынан осындай Транзакциялар бойынша немесе Клиентпен жасалған басқа Транзакциялар бойынша санкциялар қолдануы болған жағдайда:

а) өткізілген тауарлар/қызметтер үшін Банкпен Клиентке аударылатын ақшасынан Жүйемен қабылданған санкцияларының сомасын ұстап қалуға;

б) өткізілген тауарлар/қызметтер үшін Банкпен Клиентке аударылатын ақшасының жоқтығы/жетіспеулігі кезінде, өткізілген тауарлар/қызметтер үшін Банкпен Клиентке алдағы аударулардан төлеу жүйесімен қабылданған санкцияларының сомасын ұстап қалуға немесе Клиентке бөлек шотты қоюға;

в) Талаптардың осы тармағының б)-тармақшасында көрсетілген шотын Клиент осы Талаптарда бекітілген мерзімдері ішінде төлемеген жағдайда, Шарттың 5.2. және 5.3-тармақтарында бекітілген тәртібінде Жүйемен қабылданған санкцияларының сомасын санкциялардың валютасына қарамастан, ұлттық және/немесе шетелдік валютасында толығымен немесе ішінара алуға (шығарып тастауға);

3.2.7. Жүйе Карта Иеленушісінің Кінәрат-талабын дәлелді деп таныған жағдайда, Банк өткізілетін тауарлар/қызметтер үшін Клиентке аударылатын ақшасынан Банкпен ұстап қалған ақшасын немесе Талаптардың 3.2.6-тармағына сәйкес Клиентке қойылған шоты негізінде қабылданған ақшасын Клиенттің Ағымды шотына немесе оның басқа банктік шотына қайтаруға;

3.2.8. қайтарымды Транзакциялар бойынша өткізілетін тауарлар/қызметтер үшін Банкпен Клиентке аударылатын ақшасынан қайтарымды Транзакциялардың сомаларын ұстап қалуға. Егер қайтарымды Транзакциялар бойынша ұстап қалатын сомасы кізілетін тауарлар/қызметтер үшін Банкпен Клиентке аударылатын ақшасының сомасынан асатын болса, Клиентке жетіспейтін сомаға тиісті шотты қоюға;

3.2.9. Талаптармен бекітілген мерзімдері ішінде Талаптардың 3.2.8-тармағында көрсетілген шотты төлемеу жағдайда, Банк Талаптардың 3.2.6-тармағының в)-тармақшасымен бекітілген тәртібінде қайтарымды Транзакциялардың сомасын толығымен немесе ішінара алуға (шығарып тастауға) құқылы;

3.2.10. Клиенттің жазбаша өтініші бойынша Банк Карта Иеленушісінің карталық шотының нөмірін және Карта Иеленушісінің атын көрсетусіз ашық байланыс арналары бойынша Картаны пайдаланумен жасалған Транзакциялар бойынша үзінді көшірмелерін ұсынады. Осымен Бірге Банк табысталатын ақпараттың құпиялығы үшін жауап бермейді;

3.2.11. Клиент Талаптармен бекітілген мерзімдерінде Чекті және Транзакциялармен байланыстырылған басқа ақпаратты ұсынбаған жағдайда, жасалған Транзакциялар бойынша ақшаны Клиенттің Ағымды шотына аудармауға немесе Талаптардың 3.2.6-тармағымен белгіленген тәртібінде Клиенттің шоттарынан осындай Транзакциялар бойынша ақшаны шығарып тастауға;

3.2.12. ақшаны Клиенттің Ағымды шотына аудармауға немесе Клиентпен POS-терминалдарда ауысымды жабу ережелерін бұзумен жасалған Транзакциялар бойынша 3.2.6-тармағында бекітілген тәртібінде осындай Транзакциялар бойынша ақшаны шығарып тастауға;

3.2.13. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңсыз болып табылатын немесе Клиентпен Талаптарды және Нұсқаулықтарды бұзумен жасалған Транзакцияларды Банкпен анықталған жағдайда Эквайринг бойынша қызметтерді көрсетуге өтінішіне сәйкес ақшаны Клиенттің Ағымды шотына аудармауға;

3.2.14. Келесі жағдайларда Чекті жарамсыз деп тануға:

- Транзакция Талаптарды және Нұсқаулықтарды бұзумен жасалды;
- Чектегі Карта Иеленушісінің қолынанбасы Картадағы қолтаңбасына сәйкес келмейді;
- Клиент және Карта Иеленушісі үшін Чектердің даналары бір-біріне сәйкес келмейді немесе Банкпен белгіленген нысанына сәйкес келмейді;
- Чектегі ақпарат Картаның реквизиттеріне сәйкес келмейді;
- Чек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санкцияланбаған болып табылатын Транзакциясы бойынша рәсімделген жағдайда немесе Клиентпен Талаптарды және Нұсқаулықтарды бұзумен рәсімделген жағдайда.

3.2.15. Талаптарға сәйкес Банк Шарттың 3.2.6-тармағының в)-тармақшасынамен белгіленген тәртібінде Клиенттің бан шоттарынан ақшаны алуға (шығарып тастауға) құқылы болған жағдайда, Банк өзінің қарауында Клиентке талап ету өзінің құқықтарын Клиенттің Ағымды шотына аударылатын ақша сомасынан Банкпен Клиентке төлеуге жататын сомасын ұстап қалу жолымен жүзеге асыруға.

Талаптардың осы тармақшасымен қарастырылған Клиентке талап қоюдың өзінің құқықтарын жүзеге асырудың кез келген тәсілін таңдауы Банктің қарауында жүзеге асырылады және Талаптармен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген Клиентке талап қоюдың өзінің құқықтарын жүзеге асырудың басқа тәсілін таңдауға Банктің құқығын алып тастамайды және ауыстырмайды;

3.2.16. Талаптардың 3.2.4., 3.2.5., 3.3.2-тармақтарымен қарастырылған жағдайларының басталу мүмкіндігін Банкпен анықтау жағдайда, Талаптар бойынша Банк алдында Клиенттің ықтимал міндеттемелерін өтеу үшін қамтамасыз етуді қалыптастыруға. Осындай қамтамасыз ету Клиентпен Банкке тиісті ақшалай құралдарын есептеу жолымен немесе Талаптармен қарастырылған Банктің құқықтарын жүзеге асыру жолымен қалыптастырылу мүмкін. Қамтамасыз етуді қалыптастыру қажеттілігі, оның мөлшері және қалыптастыру тәсілдері Банкпен дербес анықталады және Клиенттің назарына Банктің ресми хабарламасымен жеткізіледі;

3.2.17. Клиенттің заңды және сауда атауын, сауда таңбасын/логотипін, сонымен қатар клиенттермен байланыстырылу үшін арналатын оның байланыс деректерін (телефондарын, мекенжайларын, соның ішінде веб - сайттардың мекенжайларын) Банктің пікірі бойынша мақсатты болып табылатын жағдайларда өзінің кез келген жариялымдарында және жарнамалық материалдарында пайдалануға. Клиент өзінің уәкілетті тұлғалары тұлғасында Банкке онымен Клиенттің атауын/сауда таңбасын/логотипін/байланыс деректерін өзінің жариялымдарында және жарнамалық материалдарында пайдалануға ресми жазбаша келісімін береді;

3.2.18. осы Талаптарды орындау бөлігінде Шарт бойынша өзінің құқықтарын және/немесе міндеттемелерін Клиенттің қосымша келісімін қабылдаусыз үшінші тұлғаларға табыстауға және осындай табыстауды Банкпен Клиентке осындай табыстауға дейін 15 Жұмыс күні ішінде алдын ала хабарлау жағдайда жүзеге асыруға мүмкіндік болады. Осымен Клиент осы Талаптарды орындау бөлігінде Шарт бойынша өзінің құқықтарын және/немесе міндеттемелерін, сонымен қатар осы Талаптарды орындауға байланысты Тараптармен бір-біріне берілетін банктік құпиясын және ақпаратты ашуға келісімін Талаптардың осы тармағымен бекітілген тәртібінде және шарттарында кез келген үшінші тұлғасына табыстауға құқығын Банкке береді;

3.2.19. Тараптармен POS-терминалды қабылдау-тапсыру актісіне қолтаңбасын қою/Банктің жүйесінде Soft-POS тіркеу күнінен бастап 1 (Бір) ай ішінде Клиентпен Транзакцияларды жасамау жағдайда, бір тараптық тәртібінде Талаптарды орындаудан бас тарту және POS – терминалды алуға (ажыратуға);

3.2.20. Санкцияланбаған Транзакцияларды жасау немесе Талаптарды және Нұсқаулықтарды бұзумен Клиентпен Транзакцияларды жасау жағдайда POS-терминалды пайдаланумен Транзакциялар жасауды уақытша тоқтатуға және қажет болған жағдайда және POS – терминалды алуға (ажыратуға). POS-терминалды пайдаланумен Транзакциялар жасауды уақытша тоқтату мерзімі Банкпен дербес анықталады;

3.2.21. Тәуліктің лимитті үлкейту немесе төмендеті жағына өзгертуге;

3.2.22. Өзінің қарауынша Жабдықты қабылдау-тапсыру актісіне қолтаңбасын қойып, Банкпен бұрын ұсынылған POS-терминалды ауыстыруға.

### **3.3. Клиент міндетенеді:**

3.3.1. Банкпен ұсынылатын Нұсқаулықтарындағы талаптарын және Талаптардың ережелерін қатаң сақтауға, Банктің Тарифтеріне және осы Талаптарға сәйкес Банкке комиссиялық сыйақыны сөзсіз төлеуге;

3.3.2. Клиентте сатып алынатын тауарларды/қызметтерді төлеу мақсаттарынан ерекшеленетін мақсаттарында Транзакцияларды жасамауға (мысалы, кез келген шығындарды немесе айыппұл санкцияларын төлеуге немесе өтеуге; Карта Иеленушісінің рұқсатысыз Транзакцияларды жасауға; үшінші тұлғалармен өткізілетін тауарларды/қызметтерді төлеу үшін Транзакцияларды жасауға және т.б.) және Карталарды тауарларды/қызметтерді төлеу үшін ерекшеленетін мақсаттарында пайдаланбауға (мысалы, Картаны кепіл ретінде, Карта Иеленушісінің жасын анықтау үшін құралы ретінде және т.б. пайдалануға);

3.3.3. Карта Иеленушісімен төлеуге ұсынылатын әрекеттегі Картасын төлеуге қабылдаудан себепсіз бас тарту жағдайларын болдырмауға;

3.3.4. Қолма-қол ақшасымен есеп айырысумен өткізілетін тауарлармен (қызметтермен) салыстырғанда құнына қандай болса қосымша үстеме бағысыз тауарлар (қызметтер) үшін төлеу үшін Карталарды қабылдауға, соның ішінде Банктің комиссиялық сыйақысын өтеу мақсатында қабылдауға; тауарларды/қызметтерді төлеудің басқа тәсілдері үшін бекітілген талаптарынан ерекшеленетін қандай болса шектеулерді, шарттарды және талаптарды орнатпауға;

3.3.5. Транзакцияларды жасауға тек қана Клиенттің нұсқаулықтар берілген қызметкерлеріне рұқсат беруге;

3.3.6. Карталардың ультракүогін қорғау деңгейін тексеруге;

3.3.7. Кассрдің жеке кодын пайдаланумен POS-терминал арқылы жасалған Транзакциялар үшін жауап беруге;

3.3.8. Күн сайынғы негізінде есеп ауырысуларды аяқтау үшін осындай процедура қажетті Транзакциялар бойынша POS-терминалда Батч (Batch) (ауысым жабуды) бақылауға және жасауға (мысалы, чиптік қолданбалары бар POS-терминалдарында чиптік карталары бойынша жасалатын Транзакциялар бойынша);

3.3.9. Банкпен ұсынылатын шығын және жарнамалық-материалдарды және нұсқаулықтарды үшінші тұлғалармен пайдалануға бермеуге;

3.3.10. Карта Иеленушілерімен жасалған операциялар туралы ақпаратты жарияламауға, Транзакция жасау себебінен Клиентке белгілі болған Картаның толық нөмірін, қауіпсіздік кодын және басқа реквизиттерді қоса алғанда, бірақ шектелмей, Картаның реквизиттерін қандай болса нысанда/түрінде сақтамауға;

3.3.11. Транзакцияларды күн сайын бақылауға;

3.3.12. Талаптарға сәйкес Банкпен қойылатын шотты ұсыну күнінен бастап 5 (ес) Банктік күнінен кешіктерей, кез келген/әрбір жағдайда төлеуге;

3.3.13. Чектер даналарының (олардың көшірмелерін), сонымен қатар Транзакциялармен байланыстырылған басқа ақпаратты бес жыл ішінде құпиялық шарттарында сақтауға;

3.3.14. тауарлар/қызметтер үшін төлемдерді қабылдау кезінде Банкпен ұсынылатын жарнамалық материалдарды (логотиптерді, жапсырмаларды, плакаттарды және т.б.) орналастыру және ауызша жариялау жолымен, сонымен қатар Банкпен ұынылатын басқа тәсілдерімен тауарларды/қызметтерді Картаны пайдаланумен төлеу мүмкіндігі туралы хабарлауға; Клиентпен қызмет көрсетілетін Жүйелерінің логотипі бар жапсырмаларын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асыру жерлерінде орналастыру бойынша Банктің барлық ұсынымдарын қатаң сақтауға;

3.3.15. өзінің қызметкерлерінің әрекеттері/әрекетесіздігі үшін Банктің алдында жауап беруге;

3.3.16. Банктің жазбаша талабын қабылдау күнінен бастап 5 (бес) Банктік күні ішінде Чектердің көшірмелерін (жоқ болған жағдайда – Чек жоқтығының себебін түсіндіретін хатын), сонымен қатар Транзакциялармен байланыстырылған басқа ақпаратты ұсынуға;

3.3.17. Банк-эмитентпен Банкке қойылған кінәрат-талабы ретінде операциялар Фродтық болып табылады екендігін көрсетумен немесе осы Банк-эмитенттің карталары Фродтық болып табылады екендігін көрсетумен Клиентте жасалған операциялар картасын құжат ретінде тануға;

3.3.18. жаңа қызметкерлерді оқытуға мүмкіндігі жоқ болған жағдайда, Карта Иеленушілеріне қызмет көрсететін жаңа қызметкерлерін оқыту қажеттілі туралы Банкке шұғыл хабарлауға.

3.3.19. Транзакцияны жасау кезінде Карта Иеленушісінен өзінің PIN-кодын жариялауды талап етпеуге және Карта Иеленушісімен PIN-кодты құпиялық енгізу үшін қажетті шарттарын қамтамасыз етуге;

3.3.20. оператордың (кассирдің) әрбір POS-терминалының жұмыс орнын электр қуатпен, сымды/сымсыз байланыс желісімен, телефонмен қамтамасыз етуге (GSM-POS-терминалды/mPOS-терминалды орнату жағдайларын алып тастағанда), стационарлық орнатылған POS-терминалға рұқсат етілмеген физикалық қол жету мүмкіндігінен қорғауды қамтамасыз ететін металл жәшігін орнатуға (қажет болған жағдайда). Бұзып ашудың қандай болса сипаттары немесе скиммер түріндегі құрылғылар және т.б. анықталған жағдайда, Банкке және/немесе Клиент POS-терминалды сатып алған тұлғасына шұғыл хабарлауға;

3.3.21. mPOS-терминалды/Soft-POS пайдаланумен тауарлар/қызметтер үшін төлемдерді қабылдау кезінде, Банктің ұсынымдарына сәйкес ұялы телефон және тиісті қолданба болуды қамтамасыз етуге;

3.3.22. POS-терминалдың бағдарламалық жасақтамасын және техникалық параметрлерін өзгертпеуге;

3.3.23. Карталарды пайдаланумен Транзакциялар бойынша үзінді көшірмелерді ашық байланыс арналары арқылы жолдау жағдайда ақпараттың құпиялығын жоғалтуға байланысты Банкке ешқандай талаптарды қоймауға;

3.3.24. Банкке залалдар келтіру мүмкіндігін алдын алу үшін Клиентті тарату туралы және Клиент қатысты уәкілетті органдарымен келесі шектеулі әрекеттерін/шешімдерін қабылдау туралы Банкке 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлауға:

- Клиентті мәжбүрлі тарату немесе қайта құру;
- Клиенттің кез келген банк шоттары бойынша шығын операцияларын уәкілетті органымен тоқтату;
- кез келген уәкілетті органдарының шешімі бойынша Клиенттің ақшасына және/немесе кез келген мүлкіне тыйым салу;

• Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа шешімдер немесе әрекеттер;

3.3.25. POS-терминал Клиентпен Банктің ұсынымдарына сәйкес сатып алынған жағдайда немесе Soft-POS NFC-модулі бар смартфонна орнатылған жағдайда:

• Банк және Клиент Эквайринг бойынша қызметтерді көрсетуге өтінішіне қолтаңба қою күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Банктің жүйесіне қосылу үшін POS-терминалды Банкке ұсыну қажет;

• POS-терминал бұзылған жағдайда Клиент және POS-терминалдың сатушысы арасындағы шарттық қатынастарымен бекітілген тәртібінде және шарттарында Банкпен ұсынылатын осындай POS-терминалдың сатушысына шұғыл хабарлау қажет;

• бағдарламалық жасақтаманың іркілісі себебінен POS-терминал немесе Soft-POS бұзылған жағдайда, осы туралы келесі Жұмыс күнінен кеш емес мерзімінде Банкке хабарлау қажет;

3.3.26. POS-терминал Клиентке Банкпен ұсынылатын жағдайда:

• POS-терминалды Банктен қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылдау қажет, оны Нұсқаулықтарға және Талаптарға сәйкес тікелей мақсаттылығы бойынша тиімді пайдалануды қамтамасыз ету қажет, сонымен қатар болу, сақтаулығы, жиынтықтылығы үшін жауап беру қажет;

• Банктен қабылданған POS-терминалды кез келген үшінші тұлғаларға табыстамау/бермеу қажет және POS-терминалмен жұмыс істеу үшін тиісті оқудан өтпеген және нұсқаулық берілмеген қызметкерлерге рұқсат бермеу қажет;

• POS-терминалды жұмыс және жарамдылық күйінде ұстау қажет;

• POS-терминала механикалық және басқа ақаулықтарының пайда болуын алдын алу қажет, POS-терминалды өзінің күшімен немесе үшінші тұлғаларды тартумен жөндеуге (баптауға) тырыспау қажет;

• Банк Клиентке GSM-POS-терминалды ұсынатын жағдайда, осындай POS-терминалды және SIM-картаны тек қана Транзакцияларды жасау үшін пайдалануды қамаамасыз ету қажет. SIM-картаның теңгерімін толтыру бойынша шығындар Клиентпен төленеді;

• POS-терминал бұзылған (зақымданған/бүлінген) және/немесе жоғалған/жарамсыз болып қалған күнінен бастап келесі Банктің күнінен кешіктірмей POS-терминал бұзылған (зақымданған/бүлінген) және/немесе жоғалған/жарамсыз болып қалған себебін және фактісін түсіндірумен хатты Банкке жолдау қажет;

• POS-терминал бұзылған жағдайда Талаптармен бекітілген мерзімдерінде Банктің тиісті шоты негізінде Банкке жөндеу жұмыстары үшін шығындарын өтеу қажет (ақау өндіруші зауытының ақауының немесе кемістігімен тудырылған жағдайларын алып тастағанда);

• POS-терминал бұзылған (зақымданған/бүлінген) және/немесе жоғалған/жарамсыз болып қалған жағдайда Талаптармен бекітілген мерзімдерінде Банктің тиісті шоты негізінде тиісті қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген оны құны мөлшерлемесінде жоғалған/бұзылған POS-терминалдың құнын Банкке өтеу қажет;

• Банкке шығын материалдарды (олар бар болған жағдайда) және нормаға сәйкес келетін тозуды есепке алумен жарамды тиісті күйіндегі POS-терминалды Талаптардың уәкілетті тұлғалары қолтаңбасын қойған Қабылдау-тапсыру актісі бойынша Талаптардың әрекет ету мерзіміне дейін 5 (бес) банктік күні ішінде қатару қажет, егер басқасы Талаптармен қарастырылмаған болса;

3.3.27. Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасына қайшы келетін мәмілелерді төлеу мақсатында, сондай-ақ басқа мәмілер түрлерін төлеу мақсатында Транзакцияларды жасамауға, егер Банк осындай мәмілелерді Картаны пайдаланумен төлеуге болмайды екендігі туралы Клиентке хабарлаған болса;

3.3.28. Талаптармен бекітілген тәртібінде Банкке Жүйелермен қолданылған Клиенттегі Транзакциялар бойынша санкциялардың кез келген сомаларын Банкке дауласусыз және сөзсіз өтеуге. Транзакциялар бойынша Банкпен Клиенттің Ағымды шотына ақша есептеуі осындай Транзакциялардың санкциялануын ақырғы және дауласусыз тануды білдірмейді. Осындай Транзакциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жүйелердің Талаптарына, Шартқа және ережелеріне сәйкес санкцияланбаған деп танылу мүмкін. Клиенттегі Транзакцияны санкцияланбаған деп танумен байланыстырылған барлық ықтимал тәуекелдер үшін Клиент жауап береді;

3.3.29. Клиенттің Ағымды шотына Банкпен есептелетін сомалардың сәйкестігін және Транзакциялар бойынша Клиентке тиесілі сомалардың сәйкестігін бақылауға. Көрсетілген сомалар арасында айырмашылықтар анықталатын жағдайда, Клиент осындай айырмашылық туралы Шарттың №1 Қосымшасында белгіленген

мерзімдері ішінде, бірақ кез келген жағдайда қате/дұрыс емес есептеу күнінен бастап 90 (тоқан) Банктік күнінен кеш емес мерзімінде Банкке хабарлауға міндеттенеді. Осымен Клиент Банкке Клиенттің Ағымды шотына артық немесе қате/дұрыс емес есептелген сомаларын Клиенттің Ағымды шотына есептеуге жататын сомаларынан ұстап қалуға құқықын береді;

3.3.30. Талаптардың және Талаптарды орындауға байланысты Клиентке белгілі болатын кез келген ақпараттың құпиялығын (Банктің комиссиялық сыйақысының мөлшерлемесін және Транзакциялар жәрне Карта Иеленушілері туралы мәліметтерді қоса алғанда) қатаң сақтауға, егер басқасы Банктің және клиенттің келісімімен бекітілмеген болса.

3.3.31. Осымен Клиент Банктің серіктесімен ынтымақтасу шеңберінде Банктің серіктесіне Банк Клиентке эквайринг бойынша қызметтерді көрсету, Клиентпен жасалатын Транзакциялардың саны және/немесе сомасы туралы ақпаратты ұсынуға құқығын ұсынады. Осы тармақпен қарастырылатын шарт Банктің Банк серіктестерімен шарттық қатынастарымен белгіленген тәртібінде және шарттарында Банкпен құпия ақпаратты ашуға ҚР заңнамасымен қарастырылған Клиенттің келісімін білдіреді.

#### **4. Тараптардың жауапкершілігі.**

4.1. Тараптар өзінің Талаптар бойынша міндеттемелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Талаптарға және Шартқа сәйкес тиісті орынауға және орындамағаны үшін жауап береді.

4.2. Тараптармен Талаптарды орындауға байланысты бір-біріне ұсынылатын ақпарат құпиялық болып табылады және басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімісіз жарияланбау қажет. Осы ақпаратты жариялау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

4.3. Банк келесі үшін жауап бермейді:

4.3.1. Банк тікелей бақыла алмайтын, бірақ Банкпен Талаптарды орындау мүмкінсіздігіне немесе уақытша қызмет көрсетудің тоқтатылуына әкеле алатын техникалық құралдардың жұмысындағы іркілістер, Банктің процессінгітік орталығымен және дерекқорымен регламентік (техникалық) жұмыстарды жүргізу, халықаралық төлем желілерінің жұмысындағы іркілістер, бағдарламалық жасақтаманың, энергияен қамтамасыз ету және деректерді табыстау жүйелеріндегі іркілістер үшін;

4.3.2. Клиент және Банк арасында пайда болатын даулар және келіспеушіліктер үшін, осындай даулар және келіспеушіліктер Талаптардың мәніне қатысты болатын жағдайларында;

4.3.3. Клиент және оның қызметкерлері арасында пайда болатын даулар және келіспеушіліктер үшін;

4.3.4. Төлемдердегі іркілістер үшін, егер осындай іркіліс Клиенттің банктік реквизиттерінің өзгеруі туралы Банктің уақытында емес хабарлаудыңсебебін пайда болса;

4.3.5. Талаптарды тиісті емес орындағаны/орындамағаны үшін, егер осындай тиісті емес орындау/орындамау POS-терминалдың бұзылу туралы Клиентпен уақытында емес хабарлау/хабарламау себебінен пайда болса;

4.3.6. Клиент POS-терминалды Клиенттің үй-жайында Нұсқаулықтарға және/немесе оны орнатуға/пайдалануға талаптарына сәйкес орналастыруға қойылатын талаптарын сақтамау жағдайда Клиентте орнатылған POS-терминалдың/POS-терминал телекоммуникациялар құралдарының ажыратуылу үшін;

4.3.7. Талаптармен қарастырылған негіздер бойынша Клиенттің Ағымды шотына Клиентке тиесілі ақшасын аудармағаны үшін;

4.3.8. POS-терминалды Клиентке беру немесе бұрын Клиентке белгілі болған немесе POS-терминалды тексеру кезінде немесе POS-терминалды беру кезінде және жабдықты Қабылдау-тапсыру актісіне қолтаңбасын қою кезінде оның жарамсыздығын тексеру кезінде Клиентпен анықталатын POS-терминалдың ақаулықтары үшін.

4.4. Талаптарға сәйкес Клиентке тиесілі ақшаны уақытында аудармағаны үшін Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

4.5. Клиент келесі үшін жауап береді:

4.5.1. Талаптарға сәйкес Банкпен қойылатын шотын уақытында төлемегені үшін, кез келген/әрбір жағдайда мерзімін өткізіп алудың әрбір күні үшін мерзімін өткізіп алған сомасынан 0.1% мөлшеріндегі айыппұл төленеді, егер Талаптармен және тараптардың келісімімен басқасы бекітілмеген болса;

4.5.2. Егер Клиенттің қызметкерлерінің әрекеттері немесе әрекетсіздігі Банкке зиян (залал) келтірсе және/немесе Банктің іскерлік беделіне зиян келтірсе, Клиент Банкпен жазбаша кінәрат-талабында көрсетілетін Банкке келтірілген зиян (залал) сомасын өтейді және жауап береді. Зиян (залал) сомасы Банк және Клиент қолтаңбасын қойған келісу актісімен қайта қарастырылу мүмкін. Банк және Клиент әрбір бөлек жағдайда өтеуді өтеу тәртібін келіседі және Клиентке сомаларынан ұстап қалу немесе Банкпен қойылатын шот бойынша төлеу тәртібін келіседі. Банк кінәрат-талапты реттеуге дейін Талаптар бойынша есеп айырысуды тоқтатуға құқылы;

4.5.3. Банкпен Клиентке ұсынылатын Нұсқаулықтардың талаптарын орындамағаны үшін және жіберілген Фрод үшін Клиент Банкке Жүйелер бойынша қойылған Банк-жмитенттердің кінәрат-талаптарын немесе Клиенттегі карталармен жасалатын операцияларды алаяқтық және Транзакциялардың жалпы санынан/көлемінен 0,20% деңгейінен асатын деп тану себептерінен Банкке тікелей қойылатын кінәрат-талаптарын қоса алғанда, Талаптардың 3.2.6-тармағында бекітілген тәртібінде Банкке келтірілген залалдарды (зиянды) өтейді;

4.5.4. Талаптардың 3.2-тармағындағы талаптарын орындамағаны үшін – Банкке/Клиентке келтірілген залал мөлшерлемесінде.

4.5.5. Карта Иеленушілеріне қызмет көрсету бойынша Нұсқаулықтарының шарттарын және POS-терминалды пайдалану бойынша нұсқаулықтарын бұзғаны үшін - Банкке/Клиентке келтірілген залал мөлшерлемесінде;

4.5.6. POS-терминалды жөндеу/жоғалған/зақымданған POS-терминалдың құнын Банкке өтеу мерзімдерін бұзғаны үшін – мерзімін өткізіп алудың әрбір күні үшін Банкпен қойылатын шотының сомасынан 0,5% мөлшерлемесіндегі айыппұл түрінде.

## **5. Басқа шарттар.**

5.1. Талаптарға өзгерістер Шартпен бекітілген тәртібінде Банкпен енгізіледі.

5.2. Әрбір Тарап Талаптардың әрекет ету мерзімін тоқтатудың болжамды күнінен дейін 30 (отыз) күнтізбелік күні ішінде тиісті жазбаша хабарламасын басқа Тарапқа жолдау жолымен осы Талаптардың бөлігінлегі осы Шартты орындаудан басын тартуға құқылы. Хабарлама жолдау күнінен бастап Қарталар бойынша Транзакциялар тоқтатылады.

5.3. Банк Талаптардың 3.2.20., 3.2.21. және 3.3.24 тармақтарында көрсетілген жағдайларының басталуы кезінде, сонымен қатар егер Клиент Талаптардың басқа шарттарын бұзған жағдайда немесе Жүйенің талабы бойынша Талаптардың 5.2-тармағында көрсетілген мерзімін сақтаусыз осы Талаптар бөлігіндегі осы Шартты орындаудан бір тараптық тәртібінде басын тартуға құқылы және осындай бас тарту туралы Клиентке жазбаша хабарлап (осындай бас тарту оны Клиент қабылдаған сәтінен бастап күшіне енеді) және Транзакциялар хабарламада көрсетілген күнінде тоқтатылады.

5.4. Клиентте жасалатын Транзакциялар бойынша Жүйенің санкциялары/кінәрат-талаптары Банкке Транзакцияны жасау күнінен 180 күні ішінде Жүйелердің ережелеріне сәйкес ұсынылу мүмкін және осыған байланысты Клиент осындай санкцияларды/кінәрат-талаптарды қанағаттандыру бойынша Банкке келтірілген заладарын сөзсіз тәртібінде төлеуге міндеттенеді.

5.5. Осы Талаптар бөлігіндегі Шарт тоқтатылады және Клиент POS-терминалды қайтарудан/POS-терминал Банктің жүйесінде ажыратылғаннан кейін және барлық есеп айырысуларды аяқтаудан кейін Тараптар өзара міндеттемелерінен босатылады (POS-терминал Банкпен ұсынылатын жағдайда).